

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 12 қараша N 1160

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
1994 жылғы 28 наурызда Мәскеуде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім

(1998 жылғы 3 желтоқсанда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы халықтарының арасындағы мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы достық байланыстар мен ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және нығайтуға ұмтыла отырып, екі мемлекет халықтары мәдениеттерінің мәдени байланыс дәстүрлерінің және достық қатынастарының бірі-біріне жақындығын назарға ала отырып, мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы байланыстар екі ел халықтарының түпкі мүдделеріне сай келетіндігіне және достық қатынастарды, тату-тәтті көршілік пен өзара пайдалы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға жәрдемдесетініне сене отырып, Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің Хельсинки Қорытынды актісінің, Мадрид және Вена қорытынды құжаттарының, Мәдени мұра жөніндегі Краков симпозиумы құжаттарының, сондай-ақ жаңа Европаға арналған Париж хартиясының ережелері рухында әрекет ете отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы туралы 1991 жылғы 8 желтоқсандағы Келісімді, 1991 жылдың 21 желтоқсанындағы Алматы декларациясын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1992 жылдың 25 мамырындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы Шарттық ережелерін негізге ала отырып, мына төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Тараптар Қазақстан мен Ресей халықтарының талай ғасырлық мәдени және рухани байланыстарына сүйене отырып, алдағы уақытта да олардың арасындағы мәдениет, ғылым, білім беру, спорт саласындағы, сондай-ақ жастар, шығармашылық одақтарын, ассоциацияларды және қорларды қоса алғанда, қоғамдық ұйымдар арқылы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасында Ресей Федерациясының Күндері және Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының Күндері өткізілетін болады.

2-бап

Әрбір Тарап өз азаматтарына екінші Тарап мәдениетіне және атап айтқанда, олар біртұтастығын мойындайтын тарихи қалыптасқан аса ірі жиналымдарға, мәдени құндылық коллекцияларына кең түрде жол ашылуын қамтамасыз етеді.

Тараптар мәдениет саласындағы кадрлар даярлауда ынтымақтастықты дамытуға, мүдделі ведомстволар мен ұйымдар арасында тәжірибе алмасуға, симпозиумдар мен " дөңгелек үстелдер" өткізуге, барлық деңгейдегі мемлекеттік мәдениет және ғылым, білім беру, спорт мекемелері мен қоғамдық ұйымдары арасындағы қоян-қолтық ынтымақтастық пен тікелей байланыстарды орнатуға, кеңейтуге және тереңдетуге жәрдемдесетін болады.

3-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясы аумағында тұратын халықтарының және Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасы аумағында тұратын халықтары мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерін, тілін сақтау және дамыту үшін олардың рухани және діни қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау жолымен еркін тең құқылы түрде дамуына кепілдік береді.

4-бап

Тараптар орындаушылық өнері саласында Мәдениет күндерін, көркемөнер фестивальдерін, ұжымдар мен солистер гастрольдерін, ресейлік және қазақстандық авторлардың музыкалық және драмалық шығармаларының сахналық қойылымдарын өткізуге, делегациялар мен әдебиет алмасуға, тақырыптық симпозиумдар мен " дөңгелек үстелдер" өткізуге, мәдени-ағартушылық жұмыс пен көркемөнерпаздық творчество саласындағы жан-жақты ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болады.

Тараптар бейнелеу өнері саласында көркемөнер көрмелерін, соның ішінде бүкіләлемдік құндылыққа ие коллекциялар көрмелерін алмасуға жәрдемдесетін болады.

5-бап

Тараптар екі елдің тарихи, мәдени және діни ескерткіштері мен объектілерін қоса алғанда, мәдени және көркемөнер игіліктерін сақтау және қалпына келтіру саласында бірлесіп жұмыс істейтін болады.

Тараптар қолды болған немесе заңсыз түрде тасып әкетілген екінші Тараптың аумағынан табылған өнер шығармаларына қатысты мәселелерді түсіністік еркі негізінде келіссөздер жолымен шешетін болады.

6-бап

Тараптар мәдениет, ғылым және білім беру ауқымында қызмет ететін шығармашылық одақтар, сондай-ақ басқа қоғамдық ұйымдар, ассоциациялар мен қорлар арасындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға жәрдемдесетін болады.

Тараптар кинематография саласындағы ынтымақтастыққа ұлттық кинофестивальдер мен салтанатты премьералар өткізуге, кинофильмдер, делегациялар және мамандар алмасуға, бірлескен қойылымдарды жүзеге асыруға, киноархивтердің ынтымақтастығына әдебиет және материалдар алмасуға жәрдемдесетін болады.

7-бап

Тараптар кинематография саласындағы ынтымақтастыққа: ұлттық кинофестивальдер мен салтанатты премьералар өткізуге, кинофильмдер, делегациялар және мамандар алмасуға, бірлескен қойылымдарды жүзеге асыруға, киноархивтердің ынтымақтастығына, әдебиет және материалдар алмасуға жәрдемдесетін болады.

8-бап

Әрбір Тарап кітап басу ісі саласындағы алмасуларды көтермелейтін болады және өз мемлекетінің аумағында екінші Тараптың шығарған баспа өнімдерін таратуда жәрдемдесетін болады, сондай-ақ әдеби шығармаларды аударуға, кітапханааралық байланыстарға, жазушылар мен журналистер алмасуға баспалар мен редакциялар арасында материалдар алмасуға, саяси, экономикалық, мәдени өмір туралы материалдар жариялауға, екінші мемлекет халықтарының тілінде газеттер мен журналдар шығаруға жәрдемдесетін болады.

9-бап

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының авторлық-құқықтық ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады.

10-бап

Тараптар телевизия және радио хабарларын тарату саласында ынтымақтасатын б о л а д ы .

Мұндай ынтымақтастықтың нақты мәселелері Тараптардың мүдделі ведомстволары мен ұйымдары арасындағы келісімдермен реттелетін болады.

Тараптар қажеттілігіне қарай мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын анықтау жөнінде консультациялар өткізіп тұратын болады, ғылыми зерттеулердің нәтижелері туралы бірін-бірі хабарландырып отырады, осы мақсатта бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен симпозиумдар ұйымдастыратын болады, баспа қызметін жүргізетін және ғылыми алмасу мен ынтымақтастықтың басқа да нысандарын п а й д а л а н а т ы н б о л а д ы .

Сондай-ақ ынтымақтастықтың жаңа салалары мен нысандарын іздестіру, азаматтардың мәдениет саласындағы құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, мәдениет мекемелерінің қызметін құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағынан реттеу, мәдениет статистикасының келісілген принциптерін жасау мәселелері де консультацияларда қаралуы мүмкін.

11-бап

Тараптар қажеттілігіне қарай мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын анықтау жөнінде консультациялар өткізіп тұратын болады, ғылыми зерттеулердің нәтижелері туралы бірін-бірі хабарландырып отырады, осы мақсатта бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен симпозиумдар ұйымдастыратын болады, баспа қызметін жүргізетін және ғылыми алмасу мен ынтымақтастықтың басқа да нысандарын п а й д а л а н а т ы н б о л а д ы .

Сондай-ақ ынтымақтастықтың жаңа салалары мен нысандарын іздестіру, азаматтардың мәдениет саласындағы құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, мәдениет мекемелерінің қызметін құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағынан реттеу, мәдениет статистикасының келісілген принциптерін жасау мәселелері де консультацияларда қаралуы мүмкін.

12-бап

Тараптар мәдениеттің материалдық-техникалық базасын дамыту мәселелерінде ынтымақтасады, жаңа технологиялармен алмасады, өзара пайдалы негізде мәдениет пен өнер мекемелері үшін жабдықтар мен техникалық құралдардың жеткізілімдерін жүзеге асырады.

13-бап

Тараптар мәдениет мекемелері мен ұйымдарының, көркемөнер ұжымдарының, киномекемелерінің, баспалардың, жекелеген мәдениет қайраткерлерінің арасындағы тікелей қарым-қатынастардың дамуына жәрдемдесетін болады. Олар сондай-ақ ынтымақтастықтың дәстүрлі дәнекерлерімен байланысты жекелеген әкімшілік-аумақтық мекендер арасындағы осы саладағы тікелей қарым-қатынастардың дамуына көмек көрсететін болады.

14-бап

Тараптар екі ел Ғылым академиялары мен басқа ғылыми мекемелер арасындағы өзара мүддені білдіретін бағыттардағы ынтымақтастықты көтермелейтін болады.

О с ы м а қ с а т п е н о л а р :

- Ғылым академияларының, ғылыми-зерттеу институттары мен ғылым мәселелері мен айналысатын ұйымдардың арасындағы тікелей ынтымақтастықты кеңейтуге және тереңдетуге барынша көмектесетін болады;
- бірлескен ғылыми зерттеулерді өткізуде, ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми лабораторияларды құруда, сондай-ақ ғылыми ынтымақтастықтың басқа да тиімді нысандарын жасауда жәрдем көрсетеді;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары мен олардың нәтижелері туралы жарияланымдармен, ақпаратпен, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру саласында және бағыттарын анықтауда қолданылатын әдістер туралы ақпаратпен алмасуға көмектеседі;
- ғылыми зерттеулермен өзара танысу үшін ғылыми қызметкерлермен және мамандармен алмасуды, сондай-ақ тәжірибемен алмасуды көтермелейді;
- жас ғылыми қызметкерлермен және мамандармен, ең алдымен олардың біліктілігін көтеру мақсатындағы алмасуға көмектеседі;
- ғылыми қызметкерлердің екі елде өткізілетін конгрестерге, симпозиумдарға, семинарларға қатысуына жәрдемдеседі;
- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы халықтарының тарихы мен мәдениеті саласындағы ғылыми зерттеулерді дамытуға жәрдем көрсетеді.

15-бап

Тараптар олардың мемлекеттерінің аумақтарында тұрып жатқан халықтардың білім алу қажеттіліктерін, ең алдымен ана тілінде білім алу үшін жағдай жасау жолымен қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Тараптардың әрқайсысы екінші мемлекет азаматтарына өз азаматтарымен теңдей білім алу және оған жол ашу құқығына кепілдік береді. Оларды жүзеге асыру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының министрліктері мен ведомстволарының тиісті келісімдерінде анықталатын болады.

16-бап

Тараптар екі ел халықтарының тілдерін оқытуды көтермелейтін болады.

Олар оқу дәрістемелерін, семинарларын, оқу және ғылыми сапарларды, жоғары, орта және арнайы оқу орындарындағы педагогикалық жұмыс үшін мамандар және оқытушылармен алмасуды, сондай-ақ тіл білімі мен әдебиет саласындағы білім мен зерттеулерді тереңдету мақсатында ғылыми қызметкерлермен, оқытушылармен, дәрістемешілермен, студенттер және оқушылармен алмасуды ұйымдастыратын болады.

17-бап

Тараптар білім беру жүйесін жетілдіруде, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының аумағында тұрып жатқан барлық халықтар үшін оқулықтар мен өзге оқу-әдістемелік әдебиетін жасауда өзара көмек көрсететін болады.

18-бап

Тараптар білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесімен, білім жүйесін дамыту мәселелері жөніндегі ақпарат және құжатпен алмасуға, кадрларды даярлаудағы білімнің материалдық-техникалық базасын дамытудағы бірлескен бағдарламалар мен жобаларды жасау және жүзеге асырудағы ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болады.

19-бап

Тараптар жоғары және орта оқу орындарының, кәсіптік училище мен мектептер, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттары мен тиісті қоғамдық ассоциациялар мен қорлардың арасындағы білім саласындағы тікелей серіктестік байланыстарды дамытуға жәрдемдесетін болады.

20-бап

Тараптар білім туралы беріліп қойған құжаттарды, біліктілік аттестаты мен дипломдарды баламалы деп таниды және білім саласындағы жүзеге асырылып жатқан реформаларды ескере отырып, жаңа құжаттарды өзара тану жөніндегі ережені жасайды.

21-бап

Тараптар тәжірибе, материалдар мен мамандар алмасу арқылы архив саласындағы ынтымақтастықты көтермелейтін болады.

22-бап

Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағында екінші Тараптың өз елінің халқы мен мәдениеті туралы ақпаратты таратумен айналысатын ұлттық орталықтарын құруға және жұмыс істеуіне көмектесетін болады.

23-бап

Тараптың денсаулық сақтау жаңа медицина саласындағы ынтымақтастықты дамытуға, ғылыми және медицина кадрларымен алмасуға жәрдемдесетін болады.

24-бап

Тараптар дене шынықтыру мәдениеті мен спорт саласында, ең алдымен спорт қоғамдарының арасындағы тікелей ынтымақтастық, жарыстар мен кездесулерді өткізу, спортшылар мен жаттықтырушылар, ғылыми-әдістемелік ақпаратпен және арнайы әдебиетпен, халықаралық жарыстарға қатысу тәжірибесімен алмасу жолымен байланыстарды дамытуға жәрдемдеседі.

Ынтымақтастықтың нақты нысандары мен шарттары Тараптардың мүдделі ведомстволары мен ұйымдарының арасындағы келісімдермен реттелетін болады.

25-бап

Тараптар туризмнің дамуын көтермелейтін болады. Өзара уағдаластықтар бойынша бірлескен туристік топтарды үшінші елдерге бағыттау және осы елдерден туристерді қабылдау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыра алады.

Ынтымақтастың нақты нысандары мен алмасулардың шарттары Тараптардың мүдделі ведомстволары мен ұйымдарының арасындағы келісімдермен реттелетін болады.

26-бап

Тараптар жастар мен жастар ұйымдарының арасындағы ынтымақтастық пен алмасуларды, бұл үшін дәстүрлі мәдени, ғылыми, кәсіби және спорттық байланыстарды пайдалана отырып, көтермелейтін болады.

27-бап

Осы Келісімді орындау мақсатында ведомстволар мен ұйымдардың арасындағы екі жақты алмасулардың бағдарламалары мен ынтымақтастықтың жұмысшы жоспарлары / хаттамалар/ жасалып және оларға қол қойылады.

28-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті тиісті ішкі мемлекеттік рәсімдерді Тараптардың орындағанын қуаттайтын соңғы жазбаша мәлімдеменің түскен күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірі жазбаша түрде екінші Тарапқа оның қолданысын тоқтатқысы келетін ниеті туралы тиісті мерзімі біткенге дейін алты ай бұрын мәлімдемесе, келесі бес жылдық мерзімдерге өздігінен ұ з а р т ы л а т ы н б о л а д ы .

Мәскеуде 1994 жылы 28 наурызда екі дана болып, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ екі текстің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының